

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ



Ө.ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК  
ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

Алтынбеков Қ.С.

# ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ

бойынша өзіндік жұмыстар

Шымкент 2024

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің  
Ғылыми-әдістемелік кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған

Дайындаған Қ.Алтынбеков

«Ежелгі дәуір әдебиеті бойынша өзіндік жұмыстар».  
Оқу-әдістемелік құрал. *Шымкент - 2024. - 72 бет.*

***Пікір жазғандар:***

**Т.Омаров** – ф.ғ.к., Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.

**А. Мыңбаева** – PhD доктор, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.

**Н.Омаров** – ф.ғ.к., М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

Бұл көмекші оқу-әдістемелік құрал жоғары оқу орындары филология факультетінің 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау», 6B01704 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» мамандығында оқитын және 6B2302 – «Филология білім беру бағдарламалары» бойынша білім алып жатқан студенттерге арналған.

Оқу-әдістемелік құрал қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірі курсы бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын жүргізу үшін және студенттердің осы курс бойынша сабақтарына дайындалу барысында тақырыптарды, ондағы мәселелерді игеруін жеңілдету мақсатында жазылған.

## КІРІСПЕ

Жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарларына сәйкес филология факультетінің 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау», 6B01704 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» мамандығында оқитын студенттер «Қазақ әдебиеті тарихынаң ежелгі дәуірі» деп аталатын кезең бойынша өзіндік жұмыстарын жазады.

Бұл көмекші оқу құралдарында ұсынылып отырған өзіндік жұмыстардың тақырыптары мен оның орындалу тәртібі сол оқытылатын курс бойынша жасалынған оқу бағдарламасының негізінде, соған сәйкестендіріле жасалынды.

Әдебиеттану ғылымының бір саласы болып саналатын қазақ әдебиеті тарихы пәнінің халқымыздың өткен тарихындағы мәдениетін, рухани мұраларын, тұрмысын салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, сөз өнері – асыл мұраларын танып білуде алатын орны ерекше. Қазіргі кездегі түрлі ғылымдардың – тарих, этнография, археология, философия, лингвистика ғылымдарының жетістіктері мен жаңалықтары түркі халықтарына ортақ, олардың ежелгі дәуірлердегі мәдениетін, жазба мұраларының сырларын терең түсінуімізге игі әсерін тигізуде.

Еліміздің тәуелсіздік алуы халықтың шынайы тарихын, мәдениетін, әдебиетінің тарихын тереңдей танып, ғылыми тұрғыдан қайта жасауға мүмкіншілік туғызды. Сондықтан да келешек әдебиет маманы туған елінің, халқының көне дәуірлерден келе жатқан әдеби, рухани мұраларын, оның даму кезеңдеріндегі сыр-сипатын, ерекшеліктерін саналы түрде кең ауқымды игеруге тиіс.

Бұл оқу құралы студенттердің оқу, ізденіс ерекшеліктері мен білім алу тәсілдері ескеріле отырып жасалынды, яғни жаңа оқу жүйесінің енуіне байланысты лекция, семинар сабақтарының аз болып, уақыттарының мол үлесі өз бетінше ізденулеріне кететіндіктен, соған сәйкестендіріле жасалды.

Өзіндік жұмысының мақсаты – студент белгілі бір тақырыпты алғаннан кейін сол тақырыпты ашу, оның негізін, ерекшеліктерін түсіну үшін қандай ізденіс жасады, көркем шығарманы қаншалықты игерген, талдау жасай алған ба, қажетті әдебиеттерді, пікірлерді жазу барысында оларды орынды, ретімен пайдаланып, өзіндік ойын жазба түрде бере алған ба деген мәселерге бақылау жасау, соған бейімдеу, үйрету.

«Ежелгі дәуір әдебиеті» пәні бойынша жазылатын өзіндік жұмысы II курста жазылатындықтан студенттердің әдебиет саласындағы алғашқы ғылыми жазба еңбегі, тұңғыш жазба ізденістерінің бірі болып саналады. Шығармашылықпен өзінше ізденіп жүргізілген өзіндік жұмысының студенттің өз мамандығын игеруіне пайдалы жақтары көп. Өйткені студент өзіндік жұмысын жазу барысында белгілі тақырыпқа қатысты әдебиеттерді оқи отырып өз бетінше ізденеді, қажетті жерлерін пайдалануға дағдыланады, тәжірибе жинақтап, жүйелі ғылыми жұмыс істеуге қалыптаса бастайды.

Студент бақылау жұмысында тақырыбына байланысты әдебиеттерді, көркем шығарманы зерделей оқып, жазылған пікірлерді пайдалана отырып, ұғым түсінігін өз сөздерімен баяндап жазуы керек.

Өзіндік жұмысын орындауға кірісер алдында студент оқулықты, тақырыбына қатысты әдебиеттердің бірнешеуін, көркем шығарманы мұқият оқып шыққаны жөн. Оқыған кезде тақырыптың ерекшелігі мен талабына сай материалдардан үзінділер жаза отырып, оны белгілі бір жүйеге түсіріп, содан кейін жазба

жұмысының жоспарын жазуға кіріссе болады. Жұмыстың жоспарын оқытушының нақты жасап бергенінен гөрі студенттің өзі жасағаны тиімдірек, өйткені ол кезде оның ой еркіндігі сақталады және жоспар студенттің өзінің ойлауы мен ізденісінің жемісі болады. Сондықтан да жоспар жасауға жауапты, байыппен қараған жөн.

Өзіндік жұмыстың тақырыбы бір шығарма туралы болса, оның авторының өмірбаяны, жалпы шығармашылығы, қоғамдық қызметі, сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдайлар туралы ұзақ жазып кететін жайлар да кездесіп отырады. Бұл сияқты баяндаулардың кіріспеге қажеті жоқ, жұмыстың сапасын төмендетеді.

Студент өзіндік жұмысын жазар алдында тақырыпқа қатысты мәселелерді, яғни шығарма авторының шығармашылығын, ол туралы жазылған еңбектерді оқып шығып, ол жөнінде белгілі бір дәрежеде ұғым алуы керек. Жұмыстың тақырыбы белгілі бір көркем шығарма туралы болса, сол шығарма жазылған кездегі әдеби дәстүрдің ерекшелігін, тарихи-әлеуметтік жағдайдың қаламгер шығармашылығына әсерін біліп, шығарма өз алдына бөлек талданбай, осы жағдайлармен тығыз бірлікте қарастырылғаны тиімді болады.

Бұл оқу құралында әрбір тақырып бойынша қамтылуға тиісті негізгі мәселелер көрсетілген.

Өзіндік жұмысында тақырыпқа толық жауап жазылуы тиіс. Ескертетін жағдай - студент жұмысты жазғанда белгілі бір шығарманы мазмұндап, ежіктеп әңгімелеп бермей, талдау жасап, өзінше зерттеуі керек. Әдебиеттерде жазылған жайттарды көшіріп бере салу сияқты жағдайлар да кездесіп отырады, оның қажеті жоқ. Керек жерінде мәтіннен (текст), пікірлерден үзінділер келтіріп, оны тырнақшаға алып, олардың қай әдебиеттен алынғандығы, кімнің пікірі екендігі көрсетіліп отырылуы керек.

Тақырыпқа байланысты пікірлерді салыстырып, егер әртүрлі пікірлер болатын болса, соның қайсысына өзінің қосылатындығын немесе қосылмайтындығын білдіруіне болады. Ондай жағдайда студент өзі жақтайтын пікірді неге қолдайтынын дәлелдеп сендіруі керек. Құптамайтын пікірді неге құптамайтынын айтып, дәлелдер келтірсе де артық емес. Ойдың дәлелді, тұжырымды болып, жұмыстың түсінікті де көрікті тілмен жазылу оның сапалылығын арттырады.

Қорытынды бөлім жазба жұмысының тақырыбына сәйкес нақтылы, тұжырымды болғаны орынды, яғни студенттің өзі қарастырған тақырыбы жайында байқаған ойларын жинақтап, осы қорытынды бөлімінде айтуы керек.

Егер студенттің жазған өзіндік жұмысы оқытушы тарапынан талапқа сай емес деп табылса, ондай жағдайда студент көрсетілген ескертпелер негізінде жұмыс істеп, қателерін түзеп, жұмысты қайта жазады.

Өзіндік жұмысын жазуда оның техникалық жағына да назар аудару керек.

Олар мыналар:

1. Әдебиеттен алынған үзінді (цитата) қысқа, шағын болғаны дұрыс.
2. Үзінді грамматикалық ережеге сай жазылуы керек.
3. Үзінді келтірілген беттің аяғына немесе үзіндіден кейін жақша ішінде үзінді авторының аты-жөні мен кітабының немесе мақаласының аты, басылған жері мен уақыты, беті жазылуы тиіс. Егер үзінді журналдық мақаладан алынса, журналдың аты, шыққан жылы мен рет саны, газеттен болса, газеттің аты мен жылы, айы мен күні толық жазылуы керек. Интернеттен алынған болса, сайтқа сілтеме жасалынуы керек,
4. Тыныс белгілері, стилистикалық қателері жіберілмеу керек.
5. Жұмыстың беттері номерленуі керек.

6. Өзіндік жұмысы жазылған А4 пішіндегі қағазға жазылып орындалады. Сыртқы мұқабасына оқу орны мен факультеті, пән аты, жұмыстың тақырыбы, оқитын курсы, топ номері, студенттің аты-жөні жазылады. Жұмыстың бірінші бетіне оның тақырыбы мен жоспары жазылады.

7. Жұмыстың соңғы беттеріне пайдаланған әдебиеттер тізімі жазылады. Пайдаланған әдебиеттерді көрсеткенде еңбек авторының аты-жөні, кітаптың аты, басылған қаласы мен баспа орны, мезгіл жазылады. Көркем шығарманың мәтіні (текст) қай жылғы, қай кітаптан алынғаны да көрсетілуі керек.

Өзіндік жұмыс 10-15 беттің көлемінде жазылады.

Бұл көмекші оқу құралында әрбір тақырыптан кейін өзіндік жұмысында қамтылуға тиісті мәселелер көрсетілген. Студент бақылау жұмысын жазуда осы айтылғандарды басшылыққа ала отырып, сол мәселелерге жауап іздеу керек. Пайдаланатын әдебиеттер «Мәтін», «Негізгі әдебиеттер», «Қосымша әдебиеттер» деп бөлініп көрсетіліп берілген.

## ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

### 1-тақырып. Қазақ әдебиеті тарихы пәнінің мақсаты мен міндеттері, өзіндік ерекшелігі

#### Қамтылуға тиісті мәселелер

Қазақ әдебиетінің тарихы – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан, сан қырлы әрі бай рухани қазынасының бір саласы екендігі. Ол – әдебиеттану ғылымының құрамдас саласы. Әдеби шығарманың тууын, әдеби өмірдің дамуын, сан алуан әдеби бағыттар мен көріктеу құралдарының даму кезеңдерін, әдеби процеске ықпал еткен қаламгерлердің шығармаларын танытуды мақсат етеді.

Қазақ әдебиеті тарихы өте ерте дәуірлерден бастап, бүгінге дейін жасалған көркем әдебиет туындыларын қамтиды. Қазақ әдебиетінің биік, сан қырлы деңгейге жетуі – көптеген ғасырлардағы әдебиеттің жемісі.

Халықтың өткен тарихын танып білудегі ғылымның алатын орны. Қоғамдық ғылымдар ішінде әдебиеттану ғылымының ерекшелігі, мәні.

Әдебиеттану ғылымының негізгі, қосымша салалары (түрлері). Зерттеуде нысаны бір болғанымен олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар екендігі. Қазақ әдебиеті тарихының солардың ішіндегі негізгілерінің бірі болып саналатындығы. Әдебиет тарихы халық мәдениетімен, тарихымен тығыз байланысты, халықтың рухани өмірінің көрінісі екендігі.

Қазақ әдебиеті қазіргідей биік деңгейге сан ғасырлардағы ата-бабалар ойының жетістігі нәтижесінде қалыптасу, даму, өсу жолдарынан өтіп келеді. Әдебиет – өмір шындығының көркем бейнесі, көркем сөз өнері.

Әдебиет тарихы пәні әдебиетті зерттегенде халықтың тарихымен, саяси-әлеуметтік жағдайларымен, сол дәуірлердегі дүниетанымы, наным-сенімдері, салт-дәстүрлері, сол кездегі әдеби үрдіспеспен тығыз бірлікте алып қарастырады. Даму жолдарындағы өзгерістердің себептерін, өмір шындығын бейнелеудегі әдіс-тәсілдерін, жанрлық ізденістерді, бұлардың қалыптасу, даму жолдарын да көрсетеді.

Халықтың әдебиетті жасаушы өкілдері – сөз шеберлері, жазылған шығармалар – бұлардың қайсысы болса да әдебиет тарихынан өз орнын алуға тиіс. Бір халықтың әдебиеті өз алдына тұйық шеңберде болуы мүмкін емес. Көршілес, шектес жатқан елдердің әдебиетімен байланыста болады. Бұл құбылыс әр дәуір, кезеңдерде әр түрлі жағдайларда болуы мүмкін. Әдебиет ел мен елді, халықты таныстыратын, жақындастыратын өнердің түрі. Қазақ әдебиеті тарихы пәні осы үдерістердің барлығын да қарастырады.

#### Негізгі әдебиеттер

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.

Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқу құралы. Құрастырған Алма Қыраубаева. – Астана: 2015.

Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматиялық оқу құралы. – Астана: 2014.

Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005.

Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011.

Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2- том. Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006.

Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-2-том. – Алматы: Өнер, 2008.

Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Астана, 2001.

Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1997, 2005.

Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің этникалық тарихы. (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.

Өтен Г.Ж. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Шымкент, 2011.

### **Қосымша әдебиеттер**

Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер. – Алматы: 2001.

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005.

Әдебиет теориясы. Антология. 1-том / Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.

Бердібай, Р. Он томдық шығармалар жинағы Т. 4: Түбі бір түрікпіз. – Алматы : Дәуір, 2018.

Пірәлиева Г.Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920-2005). – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2010.

Саид Э.У. Ориентализм. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.

## **2-тақырып. Ежелгі дәуірлердегі түркі халықтарының тарихы**

### **Қамтылуға тиісті мәселелер**

Ежелгі дәуірлердегі негізі түркі халықтары болған мемлекеттер. Ежелгі Сақ мемлекеті, Үйсін, Қаңлы, Ғұн мемлекеттері, Түркі қағанаты, Түркеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қарахан мемлекеті, Алтын Орда мемлекеті туралы деректер.

Қазақ халқы – сол мемлекеттердің негізі болған түркі тектес халықтардың ұрпағы. Сақтар туралы деректердің жету жолы

Грек тарихшы Геродоттың «Тарих» атты кітабында, қытайлықтар Сыма-Цяньның «Жылнама», Бань-Гудің «Ханнама» атты кітаптарындағы деректер. Сақтар мекендеген жерлер.

Түркі қағанатының құрылуы, құрылымы.

Қазақстанның оңтүстік шығысында Қарлұқ қағандығының құрылуы.

X-XII ғғ. Қарахан мемлекетінің құрылуы. Оларға сол жердегі аса ірі қалалар – Шығыс Түркістандағы Қашқар, Жетісудағы Талас, Алатаудағы Баласағұн, Мауренахрдағы Самарқанд қарады. Астаналары.

### **Негізгі әдебиеттер**

Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқу құралы. Құрастырған Алма Қыраубаева. – Астана: 2015.

Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Алматы: Алатау, 2005.

Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011.

Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2- том, 2006., 3-том. Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.  
Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Астана, 2001.  
Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1997, 2005.  
Өтен Г.Ж. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Шымкент, 2011.

### **Қосымша әдебиеттер**

Айдарбаева Р.Қ. Ежелгі Қазақстан тарихы. Электронды оқу құралы.  
– Өскемен: Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ, 2009.  
Әмірханов М.Б. Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы [Электрондық ресурс]: Оқу құралы. – Алматы: NURPRESS, 2007.  
Бердібай, Р. Он томдық шығармалар жинағы Т. 4: Түбі бір түрікпіз.  
– Алматы : Дәуір, 2018.  
Бораш Б.Т. Қазақ поэзиясындағы хандар тұлғасы. – Алматы 2012.  
ГумилевЛ.Н. Көне түріктер. – Алматы: 1994.  
Егізбаева М. Түркі әлемінің этнографиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. 2019.  
Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтарының фольклоры. – Астана, 2009.  
Кенжебаев Б. Түрк қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: Ана тілі, 2004.  
Қазақстан тарихы [Электрондық ресурс]: лекциялар курсы. – Алматы: NURPRESS, 2009.  
Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: 1985.  
Махаев А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті. Оқу құралы. – Алматы: 2002.  
Орынбеков М. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – Алматы: 2002.  
Нағымов Ш.Н. Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы. Оқулық. – Алматы, 2012.  
Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің этникалық тарихы. (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.  
Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.  
Саид Э.У. Ориентализм. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.

### **3-тақырып. Қазақ әдебиеті тарихының зерттелуі**

#### **Қамтылуға тиісті мәселелер**

Қазақ әдебиеті тарихының зерттелуі көптеген белестерден өтті. Қазақ әдебиеті тарихының дәуір, кезеңдері. Оларды бөлуде, жүйелеуде зерттеуші ғалымдардың ұстанатын принциптері. Бұл саладағы белгілі ғалымдар Б.Кенжебаев, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, Х.Сүйіншәлиевтердің еңбектері. Олардың әдебиет тарихының қалыптасу, даму кезеңдерін қайта жүйелеудегі жаңалықтары.

Қазіргі кездегі қазақ әдебиеті тарихын қай дәуірлерден бастау керектігі жөнінде айтылып, жазылып жүрген ой-пікірлер. XIX ғасырдағы және одан кейінгі кездердегі қазақ әдебиетінің тарихы жөніндегі зерттеулер.



XX ғасыр басындағы, кеңес дәуіріндегі зерттелу ерекшелігі. А.Байтұрсынов, М.Ауезов, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, Е.Ысмайлов, М.Мағауин, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдасбеков, Қ.Өмірәлиев, А.Қыраубаева, М. Мырзахметов, т.б. ғалымдардың әдебиет тарихын зерттеу мәселесіне қатысты еңбектері, ой-пікірлері. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі әдебиет тарихына қатысты, дәуірлерге бөлу, оларды қалай атау керектігі жөніндегі пікірлер.

### **Негізгі әдебиеттер**

Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.

Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005.

Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011.

Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2- том, 2006., 3-том. Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.

Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-2-том. – Алматы: Өнер, 2008.

Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Астана, 2001.

Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1997, 2005.

### **Қосымша әдебиеттер**

Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер. – Алматы: 2001.

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005.

Бердібай, Р. Он томдық шығармалар жинағы Т. 4: Түбі бір түрікпіз. – Алматы : Дәуір, 2018.

Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: 1994.

Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995.

Дербісәлі Ә. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. – Алматы: Атамұра, 2008.

Еңсегенұлы Т. Әдебиетіміздің бастауы - "АВЕСТАДА" Монография. – Алматы: ҒЫЛЫМ, 1996.

Жетписбаева Б.А. Древнетюркская литература: учебник. – Алматы: Юридическая литература, 2007.

Жолдасбеков, М. Ұлы дала әдебиеті – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020.

Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана: “Елорда”, 2000.

Кенжебаев Б. Түрк қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: Ана тілі, 2004.

Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, «Санат», 1994.

Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: 1985.

Пірәлиева Г.Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920-2005). – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2010.

## **4-тақырып. Түркі халықтарының ежелгі дәуірлердегі мәдениеті мен әдебиеті**

### **Қамтылуға тиісті мәселелер**

Түркі халықтарының ежелгі дәуірлердегі тарихы туралы мәліметтер. Ертедегі сақтар, ғұндардың бірлестіктері. Солардан келе жатқан әдеби мұралар туралы

деректер. Олардың өмір сүру салты, яғни кейін түркі қағанатының құрамына кірген, бертінде түркі халықтарына ұйытқы болған бұрынғы тайпалардың мекені, тіршілігі, кәсіби өнері.

Түркі қағанаты дәуіріндегі түркі тайпаларының мәдениеті, шаруашылығы, кәсібі, тарихи әлеуметтік жағдайы. Олардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері, жазуы, тілі.

Орхон-Енесей, Талас ескерткіштеріндегі жазба әдебиет үлгілері. Оларда фольклорлық жанрлардың кездесетіндігі.

Түркі халықтарының тектестігі және көне дәуірлердегі әдеби туындылардың ұйғыр, өзбек, татар, башқұрт, қарақалпақ, қазақ, қырғыз, әзірбайжан, түркімен, хакас, тува, алтай халықтарына ортақ екендігі. Бұл туралы белгілі түркітанушылардың пікірлірі, еңбектері. Қазақтың белгілі ғалымдарының бұл салада жазған зерттеу еңбектері.

### **Негізгі әдебиеттер**

Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқу құралы. Құрастырған Алма Қыраубаева. – Астана: 2015.

Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011.

Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2- том, 2006.

Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.

Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-2-том. – Алматы: Өнер, 2008.

Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Астана, 2001.

Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1997, 2005.

Өтен Г.Ж. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. – Шымкент, 2011.

### **Қосымша әдебиеттер**

Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: 2003.

Аманжолов. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: 1996.

Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер. – Алматы: 2001.

Байпақов К.М. Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. – Алматы: Қазығұрт, 2007.

Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: 1994.

Дербісәлі Ә. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. – Алматы: Атамұра, 2008.

Егізбаева М. Түркі әлемінің этнографиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. 2019.

Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазбасы. – Алматы, 2008.

Жетписбаева Б.А. Древнетюркская литература: учебник. – Алматы: Юридическая литература, 2007.

Жолдасбеков, М. Ұлы дала әдебиеті – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020.

Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтарының фольклоры. – Астана, 2009.

Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана: “Елорда”, 2000.

Кенжебаев Б. Түрк қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: Ана тілі, 2004.

Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987.

Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ ун. 1991.

Махаев А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті. Оқу құралы. – Алматы: 2002.

Мәмбетов Ж.О. Әдебиеттің эстетикалық негіздері. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Нағымов Ш.Н. Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: 2012.

## 5-тақырып. Ежелгі мифтер, біздің заманымызға дейінгі дәуірлердегі (ҮІІ – ІҮ ғғ.) сақ, ғұндарға қатысты аңыз-әңгімелер

### Қамтылуға тиісті мәселелер

Миф, аңыз терминдері жөніндегі анықтамалармен танысып, мазмұнын біліп алу. Ежелгі сақ, ғұндарға қатысты мифтердің, аңыз-әңгімелердің б.з. жету жолы.

Шумер және түркі тайпалары фольклорындағы ұқсастық. Хаммурапи келтірген шумер эпосындағы Гильгамеш (топан су) сюжетінің көптеген елдерге ортақтығы.

Ең алғаш скиф-сақ тайпаларының мифологиясының Геродоттың жазып алуы. «Авеста» б.з.д. VI ғ. хатқа түскен. Ол жөніндегі пікірлер.

“Авеста” – Орта Азия, Кавказ, Үнді елдерін мекендеген халықтардың ауызша әдебитінің жинағы.

Б.з.д. VII ғ. өмір сүрген Афрасияптың өлімнен қашуының кейінгі дәуірлердегі сюжеттермен ұқсастығы (Қорқыттың өлімнен қашуы, «Қорқыт ата кітабыныңдағы» Темірұл туралы жырдағы батырдың өлімнен қашуы, “Шаһнамада” Яздигеритке жұлдызшылар оның ажалының судан болатынын айтуы сияқты құбылыстардың қазақ аңыздарында да кездесетіндігі. Мысалы: «Зергер мен Әзірейіл», т.б.)

Б.з.д. VII ғ. түркі мемлекетін ұйымдастырған Алып Ер Тұңға туралы аңыздар. Фирдоусидің «Шаһнамасында» Тұран патшасы болып суреттелуі. “Диуани лұғат ат-түрктегі” ол туралы жырлар.

Тұмар патшайым, Ширақ батыр, Зарина, Мөде батыр, Шу батыр, Ергенекөн туралы аңыз әңгімелердің ерекшеліктері.

«Қасиетті ағаш». Ағаш төтемінің шығуы.. Киелі ағаштарға жіп байлау - бақыт әкеледі, ауру сырқаудан қорғап, өмір жасын ұзартады деп түсінуі (Ертегілердегі Алып бәйтерек, т.б.)

### Негізгі әдебиеттер

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005.

Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998.

Ыбыраев Ш. Қазақтың мифтері мен мифтік аңыздары туралы. Кітапта Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: 2002.

Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011.

- Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-2-том.  
– Алматы: Өнер, 2008.
- Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Астана, 2001.
- Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 1-2-том. Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.

### **Мәтін**

- Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: 2002.
- Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы. – Астана: 2014.
- Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқу құралы. Құрас. Алма Қыраубаева. – Астана: 2015.
- Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 2-том. Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер – Алматы: "Таймас" Баспа Үйі, 2007.
- Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: бес томдық. – Ұлы дала жауһарлары сериясы. Т. 1 . Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер. М.О.Әуезов атын. әдебиет және өнер институты. – Алматы: Evo Press, 2019.

### **Қосымша әдебиеттер**

- Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер. – Алматы: 2001.
- Әдебиет теориясы. Антология. 1-том / Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.
- Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1989.
- Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995.
- Бисенбаев А.К. Көне түркілердің аңыздары. – Алматы: «Ан-Арыс», 2008.
- Еңсегенұлы Т. Әдебиетіміздің бастауы - "АВЕСТАДА" Монография. – Алматы: ҒЫЛЫМ, 1996.
- Жетписбаева Б.А. Древнетюркская литература: учебник. – Алматы: Юридическая литература, 2007.
- Жолдасбеков, М. Ұлы дала әдебиеті – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020.
- Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. Түркі халықтарының фольклоры. – Астана, 2009.
- Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, «Санат», 1994.
- Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987.
- Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Томды баспаға әзірлеген: Л. Мұсалы. – Алматы: «Өнер», 2008.
- Қыраубаева А. Шығыстық қисса дастандар. 5 томдық шығармалар жинағы. 3 - том. – Алматы: Өнер, 2010.
- Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: 1985.
- Орынбеков М. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – Алматы: 2002.
- Түрік халқының жұмбақтары. – Алматы, 2007.

### **6-тақырып. Орхон ескерткіштерінің зерттелуі**

#### **Қамтылуға тиісті мәселелер**

Орхон-Енесей ескерткіштері туралы түсінік. Бұл ескерткіштердің алғашқы табылуы мен сипатталып жазылуының кезеңі, оның құпиясын ашқан, яғни тұңғыш

рет оқып шығып, түркі халықтарының мәдени ескерткіштері екендігін дәлелдеген ғалымдар.

«Түркі» сөзінің этимологиясы туралы пікірлер.

Орхон ескерткіштерінің танымдық, әдеби мәні, көркемдік ерекшелігі туралы айтқан М.Әуезов, Ә.Марғұлан, т.б. ғалымдардың пікірлері. И.В.Стеблеваның Орхон ескерткіштерін әдеби тұрғыдан зерттеуге қосқан үлесі.

Орхон ескерткіштерінің жоғарғы оқу орындарының бағдарламасына енгізіліп, оқытылуына Б.Кенжебаевтың қосқан үлесі.

М.Жолдасбековтың осы ескерткіштерді әдеби тұрғыдан жан-жақты зерттеуі. Ш.Ыбраев, Қ.Өмірәлиев, Р.Бердібайдың, т.б. ғалымдардың еңбектері. Олардың бұл ескерткіштерге әр қырынан келіп, түркі халықтарына ортақ рухани мұра, мәдениет, әдебиет тарихынан алатын орны, мәні мен маңызы, жанрлық, көркемдік ерекшеліктері, ауыз әдебиетіне қатысы туралы айтқан ой-пікірлері.

Орхон жазбаларының фольклормен байланысының зерттелуі.

Орхон ескерткіштерін жазу, тілдік ерекшеліктері жағынан зерттеген ғалымдар. Олардың ішінде қазақ ғалымдарының еңбектері.

### **Негізгі әдебиеттер**

Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқу құралы. Құр. Алма Қыраубаева. – Астана: 2015.

Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011.

Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Астана, 2001.

Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1997, 2005.

Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2-том. Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.

### **Мәтін**

Күлтегін. Тоныкөк. – Алматы: “Өлке”, 2001

Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы. – Астана: 2014.

Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: «Жазушы», 1990, 43-67-беттер.

Жолдасбеков М., Сарткожаұлы Қ. Орхон ескерткішінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005.

Келімбетов, Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. Хрестоматия. – Алматы: Раритет, 2019.

Сарткожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің Толық Атласы. Толықтырылған жаңа басылым. 3 томдық. – Алматы: Қазақ кітабы баспасы. 2023.

сериясы. Т. 1. Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер. М.О.Әуезов атын. әдебиет және өнер институты. – Алматы: Evo Press, 2019.

### **Қосымша әдебиеттер**

Алтынбеков Қ.С. Орхон жазбалары және фольклор. (Элек. басылым). – Шымкент, 2013.

Алтынбеков Қ.С. Орхон жазбалары мен фольклордың арақатынасы. Монография. – Шымкент: «Әлем» баспасы, 2015.

Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: 2003.

Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер. – Алматы: 2001.

Базылхан Н. Көне түркі бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас) //Қазақстан тарихы түркі тілді деректемелерде. II том. – Алматы: Дайк-пресс. 2005.

Бердібаев Р. Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы: Қазақстан, 1996.

Бердібай, Р. Он томдық шығармалар жинағы Т. 4: Түбі бір түрікпіз. – Алматы: Дәуір, 2018.

ГумилевЛ.Н. Көне түріктер. – Алматы: 1994.

Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: бес томдық. – Ұлы дала жауһарлары

Еңсегенұлы Т. Көне түркі руна жазбасы. – Алматы, 2008.

Жолдасбеков, М. Ұлы дала әдебиеті – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020.

Кенжебаев Б. Түрк қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: Ана тілі, 2004.

Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. – Астана: «Ер-Дәулет», 2004.

Қазақ тарихындағы ұлы тұлғалар. Күлтегін (VI-VIII ғғ). – Алматы: Өнер, 2009.

Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Томды баспаға әзірлеген: Л. Мұсалы. – Алматы: «Өнер», 2008.

Махаев А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті. Оқу құралы. – Алматы: 2002.

Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің этникалық тарихы. (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.

Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Арыс, 2010.

## 7-тақырып. Орхон ескерткіштерінің идеялық-көркемдік ерекшеліктері

### Қамтылуға тиісті мәселелер

Әдебиеттің идеялық, көркемдік ерекшелігі туралы түсінік.

Орхон ескерткіштерінің жанры жөнінде айтылған пікірлердің әр түрлі болып келгендігі. Кейбір зерттеушілер Түркі қағанатының тарихы деп қарастырса, ендігі бір пікір айтушылар тобы әдеби көркем шығарма екендігін дәлелдейді. М.Әуезовтің пікірі. И.В.Стеблеваның Орхон ескерткіштерін көркем шығарма екендігін дәлелді пікірлермен ғылыми түрде жан-жақты негіздеуі.

Орхон ескерткіштерінің көркем шығармаға тән белгілері. Үндестік, ырғақ қайталаулары т.б. көркемдеу тәсілдері.

Образдар жүйесі. Ондағы мақал-мәтел, нақыл-өсиет сөздер, монологтар. Сол дәуірдегі әдеби дәстүрдің жырдың композициялық құрылысы жағынан да көрінетіндігі. Циклдардың ерекшелігі.

Жырлардағы негізгі идея. Қазақтың батырлық жырларына ұқсастығы, байланысы.

### Негізгі әдебиеттер

Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқу құралы. Құр., Алма Қыраубаева. – Астана: 2015.

Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005.

Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011.

Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2- том. Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006.

Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Астана, 2001.

Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1997, 2005.

### **Мәтін**

Күлтегін. Тоныкөк. – Алматы: “Өлке”, 2001

Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: «Жазушы», 1990, 43-67-беттер.

Сарткожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің Толық Атласы. Толықтырылған жаңа басылым. 3 томдық. – Алматы: Қазақ кітабы баспасы. 2023.

Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: бес томдық. – Ұлы дала жауһарлары сериясы. Т. 1. Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер. М.О.Әуезов атын. әдебиет және өнер институты. – Алматы: Evo Press, 2019.

Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы. – Астана: 2014.

### **Қосымша әдебиеттер**

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.

Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998.

Алтынбеков Қ.С. Орхон жазбалары және фольклор. (Элек. басылым). – Шымкент, 2013.

Алтынбеков Қ.С. Орхон жазбалары мен фольклордың арақатынасы. Монография. – Шымкент: «Әлем» баспасы, 2015.

Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер. – Алматы: 2001.

Базылхан Н. Көне түркі бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас) //Қазақстан тарихы түркі тілді деректемелерде. II том. – Алматы: Дайк-пресс. 2005.

Бердібай, Р. Он томдық шығармалар жинағы Т. 4: Түбі бір түрікпіз. – Алматы: Дәуір, 2018.

Жолдасбеков, М. Ұлы дала әдебиеті – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020.

Кенжебаев Б. Түрк қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: Ана тілі, 2004.

Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. – Астана: «Ер-Дәулет», 2004.

Қазақ тарихындағы ұлы тұлғалар. Күлтегін (VI-VIII ғғ). – Алматы: Өнер, 2009.

Сарткожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің Толық Атласы. Толықтырылған жаңа басылым. 3 томдық. – Алматы: Қазақ кітабы баспасы. 2023.

8-тақырып. **Тоныкөк жырының мазмұны, идеялық-көркемдік ерекшелігі, тілі**

### **Қамтылуға тиісті мәселелер**

Тоныкөк ескерткішінің табылуы. Зерттелуі. Аударылуы. Жариялануы. Оқу бағдарламаларына енгізілуі.

Тоныкөктің өмірі мен шығармашылығы туралы деректер. Ол деректердің жырда берілу ерекшелігі.

Тоныкөк жырының идеялық мазмұны. Стили. Құрылысы. Көркемдік сипаты.

Тоныкөктің өз бейнесін – өз еңбегін, ақыл-кеңесін суреткерлікпен бейнелеудегі шеберлігі.

Тоныкөктің жырдағы бейнесі мен өзі туралы ойларының берілуінің қазақ жырауларымен ұқсастығы. Жырда ақылгөй қарт Тоныкөктің атынан айтылатын өсиет, нақыл сөздердің ерекшелігі.

Тоныкөк жырының Білге қаған, Күлтегін жырларымен ұқсастығы мен айырмашылығы, өзіндік ерекшелігі. Тілдік ерекшелігі жөніндегі қазақ ғалымдарының пікірлері.

### **Негізгі әдебиеттер**

Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқу құралы. Құр., Алма Қыраубаева. – Астана: 2015.

Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005.

Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011.

Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2- том. Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы әдебиет. – Алматы: ҚазАқпарат, 2006.

Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Астана, 2001.

Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1997, 2005.

### **Мәтін**

Күлтегін. Тоныкөк. – Алматы: “Өлке”, 2001

Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: «Жазушы», 1990, 43-67-беттер.

Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің Толық Атласы. Толықтырылған жаңа басылым. 3 томдық. – Алматы: Қазақ кітабы баспасы. 2023.

Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы. – Астана: 2014.

Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: бес томдық. – Ұлы дала жауһарлары сериясы. Т. 1. Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер. М.О.Әуезов атын. әдебиет және өнер институты. – Алматы: Evo Press, 2019.

### **Қосымша әдебиеттер**

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.

Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998.

Алтынбеков Қ.С. Орхон жазбалары мен фольклордың арақатынасы. Монография. – Шымкент: «Әлем» баспасы, 2015.

Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер. – Алматы: 2001.

Базылхан Н. Көне түркі бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас) //Қазақстан тарихы түркі тілді деректемелерде. II том. – Алматы: Дайк-пресс. 2005.

Бердібай, Р. Он томдық шығармалар жинағы Т. 4: Түбі бір түрікпіз. – Алматы: Дәуір, 2018.

Жолдасбеков, М. Ұлы дала әдебиеті – Нұр-Сұлтан: Күлтегін, 2020.

Кенжебаев Б. Түрк қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: Ана тілі, 2004.

Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. – Астана: «Ер-Дәулет», 2004.

Қыраубаева А. 5 томдық шығармалар жинағы. 2-том. Томды баспаға әзірлеген: Л. Мұсалы. – Алматы: «Өнер», 2008.



Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Арыс, 2010.

Сарткожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің Толық Атласы. Толықтырылған жаңа басылым. 3 томдық. – Алматы: Қазақ кітабы баспасы. 2023.

## 9-тақырып. «ОҒЫЗ ҚАҒАН» («ОҒЫЗНАМА») ЖЫРЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЯ ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

### Қамтылуға тиісті мәселелер

Миф, мифология туралы түсінік.

Ежелгі дәуірдегі адамдардың табиғат, жаратылыс, қоршаған орта, өздерінің шығу тегі сияқты құбылыстар жөніндегі түсініктерінің «Оғыз қаған» жырында бейнеленуі.

Діни наным-сенімдеріне негіз болған түсініктер. Жырдың бірінші бөлімінде мұндай құбылыстардың молырақ көрінетіндігі: Оғыздың дүниеге келуі, өсіп ер жету ерекшелігі, үйленуі, көк бөріге қатысты оқиғалар, қиялдар. Бұлар жөнінде Оғыз туралы басқа да аңыздарда өзгешеліктерімен айтылуы. Ол жөнінде ғалымдардың пікірлері.

«Оғыз қағанның» түркі тайпаларының тарихи-әлеуметтік, шаруашылық, кәсібіне байланысты салт-дәстүрлерінен мағлұмат беретіндігі.

Түркі тілдес халықтардың тарихы мен ежелгі дәуірлердегі мәдениетін, тұрмысын, салт-дәстүрін танып білуде бұл әдеби ескерткіштің алатын орны.

### Негізгі әдебиеттер

Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998.

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна», 2005.

Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005.

Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011.

Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2- том, – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.

Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Астана, 2001.

Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1997, 2005.

### Мәтін

«Оғызнама», «Мұхабатнама». Аудар.: Ә.Дербісалин, М.Жармұхамедұлы, Ө.Күмісбаев. – Алматы: «Ғылым», 1986.

«Оғызнама». Аударған Қ.Өмірәлиев. Кітапта: Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Құрастырған. А.Қыраубаева. – Алматы: «Ана тілі», 1991, 58-76-беттер.

Әбілғазы. Түрік шежіресі. Ауд. Б.Әбілқасымов. – Алматы: «Ана тілі», 1992.

Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқу құралы. Құрас. А. Қыраубаева. – Астана: 2015.

Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы. – Астана: 2014.

Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: бес томдық. – Ұлы дала жауһарлары сериясы. Т. 1. Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер. М.О.Әуезов атын. Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Evo Press, 2019.

Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 12-том. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Таймас, 2011.

### **Қосымша әдебиеттер**

Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер. – Алматы: 2001.

Айдарбаева Р.Қ. Ежелгі Қазақстан тарихы. Электронды оқу құралы. – Өскемен: Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ, 2009.

Бердібай, Р. Он томдық шығармалар жинағы Т. 4: Түбі бір түрікпіз. – Алматы: Дәуір, 2018.

Егізбаева М. Түркі әлемінің этнографиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. 2019.

Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, «Санат», 1994.

Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: 1985.

Махаев А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті. Оқу құралы. – Алматы: 2002.

Орынбеков М. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – Алматы: 2002.

Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің этникалық тарихы. (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.

Өмірәлиев Қ. “Оғыз қаған” эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988.

Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Арыс, 2010.

Ыбыраев Ш. Қазақтың мифтері мен мифтік аңыздары туралы. Кітапта Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002.

Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, «Жазушы», 1990, 17-43,67-110 беттер.

Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы, «Ғылым», 1987, 111-121, 276-285- беттер.

Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. Алматы, «Мектеп», 1985, 104-127-беттер.

## **10-тақырып. «Оғыз қаған» жырының композициялық ерекшелігі**

### **Қамтылуға тиісті мәселелер**

Бұл бақылау жұмысын жазғанда студент алдымен әдебиет теориясы саласында жазылған әдебиеттерден композиция деген терминнің мәнін, оның құрамына енетін сұрақтардың ерекшелігін біліп алған жөн.

«Оғыз қаған» жырының композициялық құрылысынан автордың өз дәуірінің әдеби дәстүрін берік ұстанып жазғандығының байқалатындығы.

«Күлтегін» жырымен идеялық тұрғыдан ғана емес, көркемдік, композициялық құрылысы жағынан да ұқсас болып келетіндігін анықтау.

Дастандағы оқиғалардың жүйеленіп, цикл-хикаялар түрінде айтылуы. Әрбір циклдың идеялық-көркемдік ерекшелігі. Ондағы оқиғалардың басталуы мен дамуы, аяқталуындағы ерекшелік.

Оқиғалардың қысқаша мазмұны.  
Жырдағы негізгі идея.

### **Негізгі әдебиеттер**

- Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.  
Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998.  
Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна», 2005.  
Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005.  
Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011.  
Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2- том, – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.  
Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. – Астана, 2001.  
Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: 1997, 2005.

### **Мәтін**

- «Оғызнама», «Мұхабатнама». Аудар.: Ә.Дербісалин, М.Жармұхамедұлы, Ө.Күмісбаев. – Алматы: «Ғылым», 1986.  
«Оғызнама». Аударған Қ.Өмірәлиев. Кітапта: Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Құрастырған. А.Қыраубаева. – Алматы: «Ана тілі», 1991, 58-76-беттер.  
Әбілғазы. Түрік шежіресі. Ауд. Б.Әбілқасымов. – Алматы: «Ана тілі», 1992.  
Ежелгі дәуір әдебиеті. Оқу құралы. Құрас. А. Қыраубаева. – Астана: 2015.  
Ежелгі дәуір әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы. – Астана: 2014.  
Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: бес томдық. – Ұлы дала жауһарлары сериясы. Т. 1. Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер. М.О.Әуезов атын. Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Evo Press, 2019.  
Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 12-том. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Таймас, 2011.

### **Қосымша әдебиеттер**

- Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер. – Алматы: 2001.  
Бердібай, Р. Он томдық шығармалар жинағы Т. 4: Түбі бір түрікпіз. – Алматы: Дәуір, 2018.  
Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, «Санат», 1994.  
Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің этникалық тарихы. (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.  
Өмірәлиев Қ. “Оғыз қаған” эпосының тілі. – Алматы: Ғылым, 1988.  
Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Арыс, 2010.  
Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, «Жазушы», 1990, 17-43,67-110 беттер.  
Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. Алматы, «Мектеп», 1985, 104-127-беттер.  
Күмісбаев Ә. «Оғыз қаған» «Жұлдыз», 1992, № 12.  
Қасқабасов С. Қазақ мифі және әлемдік мифология «Жұлдыз», 1998, № 11.

## 11-тақырып. «Оғыз қаған» жырының көркемдік сипаты

### Қамтылуға тиісті мәселелер

«Оғыз қаған» жырының Орта Азия түркі халықтарының тілінде жазылғандығы. Олардың ішінде қайсысына жақынырақ екендігі жөнінде пікірлер.

Шығарманың поэзиялық немесе прозалық жанрада жазылғандығы.

Құрылысы мен сөздік құрамының ерекшелігі.

«Оғызнама» деп аталып қалыптасып кеткен атауының «Оғыз қаған» эпосы, жыры, «Оғыз қаған туралы аңыз» деп те аталуының себебі.

Бұл шығарманы тілдік және әдеби тұрғыдан Қ. Өмірәлиевтің зерттеудегі өзіндік ерекшелігі.

Шығарманың сюжеті, баяндау тәсілі жағынан қазақтың батырлық жырлары мен қиял-ғажайып ертегілеріне ұқсас болып келетіні.

Образ жасаудағы, көркемдеу тәсілдеріндегі сөздік қолданыс.

Сөз тіркестерінде поэзияға тән ішкі ырғақ, ұйқастың сақталып отыратындығы.

Араб және ұйғыр нұсқаларының бір-бірінен көркемдік, тілдік ерекшеліктері жағынан ұқсастықтары мен айырмашылықтарының себептері. Ол жөнінде ғалымдардың айтқан пікірлері.

